

**"Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 3 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

**Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы**

Қазақстан Республикасының Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасымен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Аддис-Абеба қаласында (Эфиопия Федеративтік Демократиялық Республикасы) Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н.Назарбаев*